

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бақыт Бақтиярқызы Беласарова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аға оқытушысы, магистр

Резюме

В данной статье подняты вопросы влияния декоративно-прикладного искусства на художественное восприятие обучающихся при прохождении курса изобразительного искусства. Предлагаемый материал может быть полезным молодым преподавателям и обучающимся творческих специальностей.

Summary

In this article questions of influence of dekarativno-applied art on art perception being trained when passing a course of the fine arts are brought up. The offered material can be to useful young teachers and being trained creative specialties.

Көне заманнан қазіргі кезге дейін халықтың тұрмыс дәстүрімен тығыз қайнасып, өмір сүріп келе жатқан өнердің бір түрі – ол сәндік қолданбалы өрнек өнері.

Сәндік қолданбалы өрнек өнері ғасырлар бойы қазақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрі болып келеді. Үй-ішін, үй тұрмысына қажетті заттарын, ұлттық киімдерді, тері бұйымдарды әшекейлеудегі негізгі мәнерлі өнер әдісі - ою-өрнек салу.

Ою - өрнек салумен қатар ұлттық өнерде оларға бояу түстерін қолданудың да өзіндік түрлі мағыналары бар. Мысалы, ақ түс - әділеттіліктің, шындықтың, тазалық пәктіктің; қара - түс жердің, берекеліктің; жасыл түс - көктемнің, жастықтың; қызыл түс - күннің, оттың; сары түс - судың ашық аспанның символдарын білдіреді.

Халық арасында әр түрлі қиылыстыруларда кездесетін айқын стильге келтірілген зооморфты (аң пішіндес), геометриялық, өсімдік пішіндес өрнек әуендері кеңінен тарағанын білеміз.

Сонымен, ою - өрнек дегеніміз бұл ойға алған айқын өрнек ырғағымен үйлесетін белгілі бір заңдылықтар жүйесінде жасалынған, қисық сызықты және геометриялық фигуралар бейнесін белгілі бір тәсілге (стильге) келтіру арқылы алынған түрлі түсті өрнекпен қандай да бір заттың әшекейленуі. Өрнек атауы латынның «ornamentum» - «әшекей» деген сөзінен шыққан.

Ою өрнектің сыр сипаты ол салынатын материалға, өрнектелетін заттың қандай мақсатта қолданылатындығына, сонымен қатар өрнек салу тәсіліне де байланысты болады. Қазақ ою өрнегінде қисық сызықты өрнектеу әдісі (орам, шиыршықталған, т.б) басымырақ тараған. Түрлі киіз, қоржын, түс киіз, аяққап сияқты тұрмыс заттарының бетіндегі өрнектер осыған куә бола алады.

- Қазақ халқының негізгі мүліктерінің бірі киіз бұйымдарды зооморфты өрнекпен өрнектеу әдісі кеңінен қолданылады.

- Өсімдік пішіндес өрнек әуендері сөмке, қаптама тыс тәрізді тұрмыстық заттардағы өрнектерде кеңінен тараған, бірақ зооморфты өрнектерге қарағанда сирек кездеседі.

- Геометриялық өрнектер негізінен тоқыма бұйымдарда көбірек орын алады. Оған мысал ретінде түрлі тоқылған кілем, сырмақ, ши, маталарды, киіз үйдің баулары мен басқұрларын алуға болады.

- Киіз бұйымдарда сирек кездесетін, тоқыма бұйымдарда мүлдем болмайтын өсімдік пішіндес өрнектер кесте тігу тәсілі мен әзірленетін тұрмыстық заттарда, әсіресе барқыт, мақта мата, артар болатын жібек маталар, түс киіз, қабырға кілемдерін дайындауда кеңінен тараған.

Осы бұйымдардағы өрнектерді құрайтын әр түрлі өсімдіктер мен гүлдердің орындалуы суреті мен бояу реңі жағынан шығыс гобелендерінің озық үлгісімен таласа алады.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің маңыздылығы өте зор өйткені айналамыздағы қандайда зат болмасын, барлығында ою өрнек пен әшекейі болмаса өмір мәнді де әрлі болмас еді. Сәндік қолданбалы өнер қазіргі заманда үй-ішін, үй тұрмысына қажетті заттарын, киімдерді, тері бұйымдарды әшекейлеуде, зергерлік бұйымдарды әрлеуде кеңінен қолданылады.

Халық арасында кең қанат жайған қолданбалы өнер саласының біреуі ол - зергерлік өнер. Қазақтың зергерлік өнерінің даму тарихы да тым әріде жатыр. Қазақстан өңірінде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері кең байтақ даламызды мекендеген арғы ата-бабаларымыздың бағызы заманнан ақ алтынмен аптап, күміспен куптеу өнеріне ерекше шебер болғанын көрсетеді.

Қазақтың ұста зергерлері де өз жұмыстарында көркем құйма, бедерлеу, соғу, қаптау, күмістеу, термелеу, бұрау, үзбелеу т.б. көптеген күрделі тәсілдері шебер меңгере біргендігімен көзге түседі. Оған мысал ретінде алтын күміспен әшекейленген алуан түрлі өңір жиектерімен алқалар, мәнерлі шекеліктер, ақық тастардан көз

салынған шолпылар мен шаш баулар, әдемі құс мұрын жүзіктер мен білезіктер қазақ зергерлерінің бай дәстүрлі сындарлы шеберліктерін айқын паш етеді. Зергерлік бұйымдарды қолдануды сонау заманнан әжелеріміз де сәнді болуға ұмтылған. Әйел болып жаратылған соң әр бір қыз келіншектер мен апалар сәнді болғысы келеді.

Сәндік бұйым эстетикалық тәрбиенің әсерлі тәсілдерінің бірі ретінде, қолданылатын өнердің бір түрі. Ол қоршаған ортаны ерекше түйсіну және ұғыну. Адамға эмоциональды әсер етіп, интеллектіні, көркемдік сезімді қалыптастырып, әлемді түйсіне және көре білуіне үйретеді.

Сәнділік – жеке мен жалпының байланысы арқылы, қоршаған заттардың кеңістік ортамен байланысы бар метафоралы мәнімен шартты бейнесімен синтез жасалған әлемнің сұлулығын айқындайтын форма. «Сәндік» термині бейнелеу өнерінде, сәндік қолданбалы өнерде кеңінен қолданылып келе жатыр. Сонымен қатар сәнділік көркем – бейнелі ой өрістің тәсілі. Ерекше композициялық модельдің туындауының белгісі болып табылады. Сәнділік тек қолданбалы өнерде емес, сонымен бірге өнердің уақытша кеңістігінде қолданылатын шығарманың туындауында іштей үндесіп жататын тәсіл.

Сәндік үрдістертерді қолдану барысында, сонау тарихқа көз жіберсек, бейнелеу тілі мен сыршырайдағы айқындылық тәсілдерін аңғарамыз. Сәнділік – барлық өнер шығармаларына тән көркем бейнелі ойлау тәсілі. Сәнділік бейнелеу өнерінің дамуының әр кезеңдерінде өзіндік қырымен, мәнімен орын тапты. Тастағы алғашқы таңбаларда ежелгі шығыс, ерте антик және ерте ортағасыр миниатюраларында бейнені жазықтықты сәндік қолдануы ерекше еді.

Сәнділік 1960 жылдарының ортасы 1970 жылдарындағы ұлттық қолтаңба және колорит ізденістері. Композицияның монументі сипаты айшықты бояу түсі, дәстүрлі өнер формалары: С.Айтбаев, Ә.Сыдыханов, О.Нұржұмаев, Ш.Сариев, Т.Тоғызбаев, т.б суретшілердің қолтаңбасында орын алды.

Бұл мақаланың мақсаты – адамды адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, әсемдікке тәрбиелейтін өнер саласының бір тармағы – бейнелеу өнерінің қыр сырынан мағлұмат беру. Орта мектеп мұғалімдерінің өнерпаздық, шығармашылық, іс-әрекетіне көмек беретін теориялық және сарамандық нұсқаулардың мазмұнын баяндау, жас жеткіншектердің ұлттық сезімдерінің қалыптасуына

ықпал ететін қазақтың сәндік-қолданбалы өнері жөнінде түсінік береді. Эстетикалық тәрбие негізінен жеке адамның эстетикалық талғамының қалыптасуына, өнер шығармаларында бейнеленген ақиқат құбылыстарды эстетикалық тұрғыдан ұғынуды дамытуға, көркем өнерпаздық дербестіке бағыттайды. Балаларға эстетикалық тәрбие мен көркемдік білім берудің нәтижелі болуы үшін, мұғалімнің өзі бейнелеу өнерінің түрлері мен өзіндік ерекшеліктерін жетік білуі керек.

Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімдеріне арналған мағлұматтардың жетіспейтінін ескеріп, қазіргі таңда оқушы білімін жетілдіруге аса қажетті, ұлттық сәндік-қолданбалы өнерді таныстыра отырып, бейнелеу өнерінің негізінен сауат ашу ісін толық қамтиды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ө. Жәнібеков. «Қазақ кол өнерінің мәдениеті». - Алматы, 2002.
2. Е. Каменева. «Кемпіркосақтың түсі қандай». - Алматы, 1984.
3. Н.А.Дмитрьева. «Краткая история искусств». - М., «Искусство», 1986.
4. Г.М.Маханбетжанова. «Академиялық сыршырай». - Астана, 2009.